



*Дидактикалық
ойындар
КАРТОТЕКАСЫ*

«Айсұлу қуыршағын шешінуге үйретейік»

Мақсаты: Киімдерді шешу ретін есте сақтап қалу, оларды ұқыпты жинап және бүктеуге үйрету, киімдердің аттарын сөйлемдерде қолдануға үйрету.

Ойын барысы: Тәрбиеші қуыршақты бөлмеге алып кіріп «Қуыршақ серуеннен келді, қазір ол шешінеді» дейді. Балалар тәрбиешімен бірге қуыршаққа дұрыс шешінуге үйретеді.

«Бізге кім келгенің тауып ал»

Мақсаты: Айтылу мен есту жағынанан бірдей сөздерді айыра білуге, дауыс ырғағын қадағалай білуге дағдыландыру. Кебір заттардың аттарын бекіту.

Ойын барысы: « Мө-мө-мө, бұл не мөңіреп жатқан Аслан? » дейді тәрбиеші. «Мяу, мяу Айгерім саған кіліп тұрған не? » «Айдыңға біреу келді де пи-пи деді. Ол не? »

«Ал, қазір Нұрай одан не тығылып тұрғанынын айтады»

Тәрбиеші өз дауыс ырғағын өзертiп , үлкен әлде кiшкентай тышқанның даусы шықта ма деп сұрайды.

Ойын осылайшы жалғаса береді.

«Қай жерде шырылдады?»

Мақсаты: Дыбыстың қай жерден шыққанын анықтау.

Алдын-ала дайындық жұмысы: қоңыраушаны дайындайды.

Ойын барысы: Балалардың ішінен жүргізушіні тағайындайды. Балалар шеңбер бойымен отырады, жүргізуші ортаға шығып көзін жұмады. Тәрбиеші бір балаға қоңыраушаны береді, бала көзін ашпай қай жақтан шыққанын қолымен нұқсайды.

Егер бала дұрыс таппаса, онда екінші рет ойнап отырады. Сосын келесі бала шығады.

«Құстар фабрикасы»

Мақсаты: Бір тыныс алғанда үш-төрт сөз айта білу.

Ойын барысы: Тәрбиеші 3-4 рет ойыншықтарды көрсетіп, олардың шығаратын даусын клтіреді, кейін ойыншықтарды алып қояды. «Балалар құстар фабрикасына барайық. Алдымыздан тауық шықты, ол бізбен қалай амандасады:ко-ко-ко. Әрі қарай барайық алдымыздан қаз шықты,

ол қалай амандасады:га-га-га»

Кейін тәрбиеші қалған ойыншықтарды көрсетеді, ал балалар дауыстайды.

«Кім шапшаң?»

Мақсаты: Есту қабілетін дамыту. Балаларды дауысқа еліктіру.

Ойын барысы: «Бақа аюдың үйіне секіріп келіп терезенің алдында тұрып бақылдайды бақ-бақ мен саған қонаққа келдім. Тышқан жүгіріп келіп ни-ни-ни тәтті иіс шығып жатыр. Қаз га-га-га дән шоқуға келдім. Сиыр мө-мө-мө сум ішуге келдім. Бір кезде аю үйден шығып р-р-р деп ырылдағанда, барлығы қашып кетеді.

Қорқақтар неге қашып кеттіңдер мен сендерге қош келдіңдер деп айтқым келді зой!
Кіріңіздер, төрлетіндер!»

«Қауырсынды тауып ал!»

Мақсаты: Балаларды қызыл, жасыл, сары түстерді дұрыс атауға және ажыратуға үйрету, жай және құрмалас сөйлемдерді қайталауға баулу.

Ойын барысы: Балалардың назарын тәрбиеші әтештің ашық түсті үлпілдек құйрығына аударады да түсіндіреді: екінші әтеш те әдемі құйрықты қалайтынын және оны сыйға тартуын өтінеді. Балаларды түстерді атап, әр түрлі әтешке сыйлайды. Егер дұрыс болмаса әтеш «Ку-ка-ре-ку! Мен басқа қауырсынды қалаймын » дейді.

«Алыста ма, жақында ма?»

Мақсаты: затқа дейінгі аралықты өлшеу, жақын ба, алыс па. Қажет сөздерді қолдана білу.

Ойын барысы: Балалар қарандар, біздің иттер біреулерді көріп қалыпты. Балалардың назары пингвинге (үйрекке, бақаға, т. Ба ойыншыққа ауады.)

Бір пингвин келе жатыр. Өзінің кеудесі ақ, денесі қара көргілерін келе ме? Онда жақынырақ келсін деп айтындар. «Жақынырақ келші!» Пингвин келе жатып тоқтап қалады. Енді пингвинді орындықтарында отырып алып көріндерші. Ала-алдындар ма?

Неге? Өйткені алыста тұр. Онда алыста тұрсын деп айтындар! т.с.с.

«Сиқырлы қап»

Мақсаты: Балаларға дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету, заттарды тануға баулу.

Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға таныс ойыншықтар мен заттарды жәшікке жинайды. Балаларға менде бір сиқырлы дорба бар онда не бар екен дейді. Кәне көрейік! Бір ойыншықты алып шығып, мынау не дейді? Балалар заттың атын атайды. Кейін жұмбақтарды шешуге болады.

Мысық пен тышқан.

*Мына қолым тышқан болсын,
Мына қолым мысық болсын,
Саусақтарды жаттықтырып,
Мысық-тышқан ойыны болсын.*

Тышқан жерді тырнайды.

Мысықты алдайды,

Құйрығымен мысықты.

Тышқан түртіп, зып етті,

Мысық оны күтіп отыр,

Тышқан інде күліп отыр.

*Балалар саусақтарын біріктіріп, қарама қарсы
ұстайды, оң қолы тышқан, сол қолы мысық.*

*Саусақтармен мысық пен тышқанның бейнесін жасайды.
Сөзіне сәйкес қимыл жасау.*